

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6 (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 44–62
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.853>

УДК 378.147.88
FTAMP 14.35.07

A.E. Abylkassymova¹, M.S. Karatayeva^{2*}, K.M. Berkimbayev³, 2024.

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;

² South Kazakhstan University named after M. Auezov, Kazakhstan;

³ A. Yasawi international Kazakh-Turkish university, Turkestan, Kazakhstan.

*E-mail: mondra-mali@mail.ru

METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF TRAINING FUTURE COMPUTER SCIENCE TEACHERS FOR STEAM EDUCATION

Abylkassymova Alma – Honored Worker of Kazakhstan, academician of NAS RK, Doctor of Pedagogical Sciences, professor, director of the Center for the Development of Pedagogical Education, head of the Department of Methods of Teaching Mathematics, Physics and Computer Science of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, aabylkassymova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1845-7984>ORCID;

Karatayeva Malika – Doctoral student, South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan, mondra-mali@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3214-4055>;

Berkimbaev Kamalbek – Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, kamalbek.berkimbaev@yandex.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5191-8140>.

Abstract. The article examines the methodological foundations for preparing future computer science teachers for STEM education within the context of the computer science educational program. This program plays a crucial role in the professional training system for students. To assess the quality of training for students and graduates in computer science teacher preparation, the article analyzes the methodological principles underlying their education. These principles are based on philosophical, technological, and special levels. At the philosophical level, key positions such as andragogical, systemic, personal-activity, resource, interdisciplinary, and transdisciplinary approaches are defined. At the technological level, the methods of project-based, case-based, problem-based, game-based, personality-oriented, and computer-oriented learning are utilized.

At the special level, the training process is guided by a competence-based approach. The concept of “STEM education” is outlined, and the learning outcomes for future computer science teachers are categorized. A model for training these teachers is proposed, structured into targeted, methodological, substantive, procedural, and reflexive components. The article also highlights the didactic conditions necessary for preparing computer science students for STEM educational activities.

The research concludes that students' preparation for STEM education has been successfully formed. The article presents the methodological foundations, principles, and components of teacher training for STEM education, offering conclusions on training results and assessment tools in higher education.

Key words: methodological foundations, approaches, model, students, future teachers, computer science, STEM education, transdisciplinarity.

А.Е. Әбілқасымова¹, М.С. Қаратаева^{2,*}, К.М. Беркімбаев³, 2024.

¹ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан;

² М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

³ А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан.

*E-mail: mondra-mali@mail.ru

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН STEM БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.Е. Әбілқасымова – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Математика, физика және информатика оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, aabylkassymova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1845-7984>;

М.С. Қаратаева – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің докторанты, Шымкент, Қазақстан, mondra-mali@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3214-4055>;

К.М. Беркімбаев – Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, kamalbek.berkimbaev@yandex.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5191-8140>.

Аннотация: Ұсынылып отырған мақалада білім беру бағдарламасы бойынша болашақ информатика мұғалімдерін STEM білім беруге даярлаудың әдіснамалық негіздері қарастырылады, ал бұл студенттердің кәсіби даярлау жүйесінің құрамдас бөлігі. Болашақ информатика мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша студенттер мен түлектерді даярлау сапасын бағалау үшін, алдымен оларды кәсіби даярлаудың әдіснамалық ұстанымдары талданды. Болашақ информатика мұғалімінің STEM білім беруге даярлауды іске асыруда негізінен жалпы философиялық, технологиялық, арнайы деңгейдегі әдіснамалық ұстанымдар негізге алынады. Философиялық деңгейде негізгі ұстанымдар ретінде андрагогия, жүйелік, жеке іс-әрекеттік, ресурстық және трансдисциплинарлық көзқарастар айқындалды, технологиялық деңгейде жобалап оқыту, кейс, проблемалық, ойын, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту, компьютерлік-бағдарланған оқыту технологиясына негізделеді. Арнайы деңгейде болашақ информатика мұғалімдерінің STEM білім беруді іске асыруға даярлау үдерісі әдіснаманың құзыреттілік ұстаным негізінде құрылады. «STEM білім беру» тұжырымдалды, болашақ информатика мұғалімдерін даярлау

бойынша білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері топтарға бөлінді. «STEM – білім беру» ұғымының құрылымы мен мазмұны анықталды, болашақ информатика мұғалімдерін STEM білім беруге даярлау моделі ұсынылды, ол мақсатты, әдіснамалық, мазмұнды, процессуалдық және рефлексивті блоктардан құралды.

Мақалада STEM білім беруге болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдіснамалық негіздері, ұстанымдары мен моделі, компоненттері ұсынылды, тұжырымдалған қорытынды жоғары білім беру жүйесінде оқыту нәтижелері мен бағалау құралдарын бойынша ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: әдіснамалық негіздер, ұстанымдар, модель, студенттер, болашақ мұғалімдер, информатика, STEM-білім беру, трансдисциплинарлық.

А.Е. Абылкасымова¹, М.С. Каратаева^{2*}, К.М. Беркимбаев³, 2024.

¹Казакский Национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан;

²Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова Шымкент, Казахстан;

²Международный казахско-турецкий университет им. А. Ясави,
Туркестан, Казахстан.

*E-mail: mondra-mali@mail.ru

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ К STEM ОБРАЗОВАНИЮ

А.Е. Абылкасымова – Заслуженный деятель Казахстана, академик НАН РК, доктор педагогических наук, профессор, директор Центра развития педагогического образования, заведующая кафедрой Методики преподавания математики, физики и информатики Казахского национального педагогического университета имени Абая, E-mail: aabylkassymova@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1845-7984>;

М.С. Каратаева – докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, E-mail: mondra-mali@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-3214-4055>;

К.М. Беркимбаев – доктор педагогических наук, профессор Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан, E-mail: kamalbek.berkimbaev@yandex.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5191-8140>.

Аннотация. В статье рассматриваются методологические основы подготовки будущих учителей информатики к STEM-образованию по образовательной программе информатики, которая является составной частью системы профессиональной подготовки студентов. Для оценки качества подготовки студентов и выпускников по направлению подготовки учителей информатики были проанализированы методологические принципы их профессиональной подготовки.

В основе подготовки будущего учителя информатики к STEM-образованию лежат методологические позиции общепедагогического, технологического и специального уровней. На общепедагогическом уровне в качестве методологической основы определены андрагогические, системные, личностно-

деятельностные, ресурсные, междисциплинарные и трансдисциплинарные позиции. На технологическом уровне используются технологии проектного, кейсового, проблемного, игрового, личностно-ориентированного и компьютерно-ориентированного обучения. На специальном уровне процесс подготовки будущих учителей информатики к реализации STEM-образования строится на основе компетентностного подхода.

Сформулированы понятия «STEM-образование», а также результаты обучения образовательной программы по подготовке будущих учителей информатики, которые разделены на группы. Определена структура и содержание понятия «STEM-образование» и предложена модель подготовки будущих учителей информатики к STEM-образованию. Модель включает целевой, методологический, содержательный, процессуальный и рефлексивный блоки.

Определены дидактические условия подготовки студентов информатики к образовательной деятельности в рамках STEM. В результате исследования разработаны методологические основы, принципы, модель и компоненты подготовки будущих учителей к STEM-образованию. Сформулированы выводы по результатам обучения и инструментам оценки в системе высшего образования.

Ключевые слова: методологические основы, подходы, модель, студенты, будущие учителя, информатика, STEM-образование, трансдисциплинарность.

Кіріспе. Бүгінде білім беру саласында пәндік білу парадигмасынан құзыреттілікке негізделген парадигмаға көшумен анықталатын білім беру саласын жаңғырту мектептің білім беру жүйесінде де, ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінде де маңызды мәселе болып отыр. Әсіресе, информатика студенттерін STEM білім беруге даярлауда әдіснамалық негізін анықтауды қажет етеді.

Қазақстанда STEM білім беру мәселесін зерттеуге арналған көптеген ғалымдардың еңбектері бар. Атап айтсақ, А. Әбілқасымова, Н. Жапашов, Н. Жұмабай, Е. Сандыбаев, т.б. оқу процесінде STEM және STEM емес оқытушылардың Lesson STUDY бағдарламасын қолдану арқылы біліктілігін арттыруды қарастырған (Әбілқасымова, т.б., 2024), Н. Жұмабай, Ж. Елемесова, Н. Балта, А. Абылқасымова, Т. Бақытқазы, Р. Мариновский зерттеулерінде тиімді STEM курстарын жобалау, әрі STEM білім беру курсы мұғалімдердің өзіндік тиімділігі мен курстық тәжірибесіне әсерін аралас әдістермен зерттеген (Жұмабай, т.б., 2024 а:9), Н. Жұмабай., С. Варис, А. Әбілқасымова, Н. Балта, Т. Бақытқазы, Г.М. Боуэн Қазақстандық STEM білім беру ландшафтын картаға түсіру мәселесін қарастырған (Семенов, т.б., 2024).

Келешекте жоғары технологиялармен байланысты келесідей мамандықтар жоғары сұранысқа ие болады, бұл мәселені мақсатында қазіргі таңда әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде STEM білім беру бағытындағы стратегиялар

әзірленіп отыр. STEM білім беру технологиясы білім беру саласындағы ең болашағы зор тренд ретінде танылды. STEM білім беру әлемдегі басты үдерістердің бірі ретінде күнен-күнге дамып, жалпы білім беру үдерісіне де еніп отыр. Осыған байланысты, әлемдік білім беру кеңістігінде оқушыларға тек ақпарат жиынтығын меңгертумен шектелмей, олардың өз іс-әрекеттерін тиімді ұйымдастыруына, шығармашылық бағытты ұстануына, күнделікті өзгерістерге жылдам бейімделуіне ықпал ету маңызды болып отыр. Сонымен қатар, жан-жақты интеграциялық білімге қызығушылық танытып, өз бетінше креативті іс-әрекеттер жасай алатын, шығармашыл және дара болмысын көрсете алатын тұлғаларды қалыптастыру көзделуде. Бұл үдеріс өндіріс, білім мен ғылымды дамыту стратегияларын жоспарлай отырып, оқушыларды инженерлік іс-әрекетке баулу үшін болашақ педагогтарды даярлауды талап етеді.

А. Әбілқасымованың ғылыми еңбектерінде жаңа бағдарламалық жасақтамамен жабдықталған компьютерлік зертханалармен STEM кабинеттері ғылым, технология, инженерия және математиканы (STEM) оқытуды айтарлықтай жақсартады. STEM оқытушылары бұл құралдарды ынтымақтастықпен оқушылардың белсенділігін арттыру үшін жиі пайдаланады, және оларды оқыту тәжірибесіне пайдалы деп санайды (Жұмабай, т.б., 2024 b:16).

STEM білім беруге болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудың мазмұны бойынша К.М. Беркімбаев, М.С. Қаратаева сынды авторлардың еңбегінде зерттелген (Беркімбаев, т.б., 2023). Сонымен қатар, STEM білім беру саласында студенттердің академиялық жетістіктерін машиналық оқыту әдістерімен болжау мәселесі қарастырылған. Зерттеуде түрлі алгоритмдер мен модельдерді қолдану арқылы оқушылардың жеке үлгерімін бағалау, тәуекел тобындағы студенттерді алдын ала анықтау және оқу нәтижелерін жақсарту үшін дербестендірілген әдістемелер ұсынылған (Абдрахманов, т.б., 2024).

STEM білім беруді жүзеге асыратын информатика студенттерін даярлау үшін алдымен әдіснамалық аспектілерін, моделін ашып көрсету арқылы қол жеткіземіз.

Материалдар мен негізгі әдістер. Кез-келген педагогикалық процесс студенттердің жеке тұлғалық қасиеттерін, сипаттамаларын, қабілетін дамытуға бағытталған жұмыстарды қамтиды. Зерттеулер оң нәтижелерге қол жеткізудің ең тиімді жолдарының бірі таным объектілерін зерттеу әдісі ретінде модельдеу қажеттілігін көрсетеді. Модельдеу – танымдық және басқарушылық іс-әрекет әдісі болып табылады, модельдеу көмегімен жүйенің мәнін, маңызды қасиеттері мен компоненттерін тұтас көрсуге болады. Педагогикада информатика **студенттерін даярлау проблемасын** және STEM білім беру процесінің мазмұнын зерделеуде **модельді құру үшін**, алдымен STEM білім беруді жүзеге асыруға студенттерді даярлау талаптарына тоқталсақ. Мұнда, мынандай талаптардың маңызы арта түсуде: тұлғалық, STEM туралы үнемі өз білімін жетілдіріп отыруға деген құлшыныс, креативтілік, қабілеттілік, зерттеушілік функцияны атқару, жаңа білім алу, болашақты болжай білуі.

STEM – бұл түрлі жаратылыстану ғылымдарының біртұтас бірлігіне бірігу.

STEM-білім беру ұстанымы оқушылардың ғылыми-зерттеу және жобалау қызметін, сондай-ақ олардың техникалық шығармашылығын интеграцияланған және пәнаралық көзқарас негізінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы білім беру ортасын ұйымдастыруды қамтиды (Кузьмина, т.б., 2016).

STEM білімінің жетекші зерттеушілерінің бірі Энн Джоли (Джоли, 2017) STEM білімінің негізгі сипаттамаларын келесідей анықтайды:

- Білім алушылар математика, жаратылыстану ғылымдары және ақпараттық технология құралдарын пайдалана отырып, жобаларды әзірлейді және жүзеге асырады.

- Жобалар нақты практикалық мазмұнға ие және инженерлік дизайн процесінің барлық кезеңдеріне сәйкес орындалады:

- өнімге деген шұғыл қажеттілікті анықтау;

- жобаны әзірлеу;

- ғылыми-техникалық индустрия өнімін немесе оның прототипін жасау.

- өнімді тестілеуді және пысықтауды жүзеге асыру;

- жобаның тұсаукесерін ұсыну;

- білім алушылар шығармашылық қабілеттерін жүзеге асырады және ұйымдастырушылық әрі коммуникативтік дағдыларын дамытады.

«STEM» аббревиатурасы алғаш рет 1990 жылдары АҚШ-та бактериолог Р. Колуэлл тарапынан ұсынылғанымен, тек 2000 жылдары белсенді түрде қолданыла бастады. Уақыт өте келе STEM-нің ауқымы кеңейіп, оған жаңа бағыттар қосылды: STEAM (негізгі 4 пән және өнер - Art), STEMM (негізгі 4 пән және музыка), STREAM (негізгі 4 пән, өнер мен әдебиет).

Әлемнің жетекші елдерінде STEM білім беру стратегиялары әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын, соның ішінде бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын қамтиды. Австралия, Англия, Шотландия және АҚШ сияқты елдер STEM білім беру реформасын жүзеге асыруға арналған ұсыныстарды қамтитын ұлттық баяндамалар жариялады. Сонымен қатар, Австралия, Қытай, Англия, Корея, Тайвань және АҚШ-та STEM пәндерін пәнаралық интеграция негізінде оқытуды мақсат ететін K-12 STEM (балабақшадан мектептің 12-сыныбына дейінгі білім беру) оқу бағдарламалары әзірленді. Бұл бағдарламаларда оқушылардың қажеттіліктеріне ерекше назар аударылып, STEM білім беру олардың кәсіби мансап таңдауына оң әсер ететіндігі анықталды. Франция, Жапония және Оңтүстік Африка сияқты елдерде жалпы білім беретін оқу орындары мен мектептен тыс кәсіптік ұйымдар STEM-білім берудің бейресми бағдарламаларын әзірлеумен айналысады. Мұндай бағдарламалар (мысалы, жазғы лагерьлер, мектептен тыс іс-шаралар, конкурстар) оқушыларды STEM мамандықтарына қызықтырып, осы саладағы түрлі бағыттар бойынша білім алуға мүмкіндік береді (Чемяков, т.б., 2015).

Сонымен қатар, «Кванториум» технопаркінде оқыту барысында перспективалық ғылыми-техникалық бағыттар анықталған. Олар өнеркәсіптік дизайн, космо-, био-, нейро-, нано-, авто-, робо-, аэро-, энергетикалық, гео-, IT-, VR/AR-, лазерлік жобалауды жүзеге асыратын квантумдарды қамтиды. Бұл бағыттар әлемдік және Ресей экономикасының инновациялық даму

стратегиясына сәйкес қарастырылып, Ұлттық технологиялық бастамамен үйлесетін бейіндік білім беру бағдарламалары негізінде құрылған. Жалпы орта білім беру жүйесінде STEM оқыту әдісі оқушылардың техникалық шығармашылық үйірмелердің жұмысына қатысу ынтасын арттыруға бағытталған. Ол білім беру робототехникасы бағдарламалары аясында жүзеге асырылады. Мұнда білім алушылар инженерлік-техникалық құзыреттерді қалыптастырып, қазіргі заманғы цифрлық технологияларды меңгеріп, математика, жаратылыстану ғылымдары және ғылыми-зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын дамытады. Сонымен қатар, сыни ойлау қабілетін жетілдіріп, топтық және жеке жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

Елімізде, дарынды балаларды анықтауға және STEM білім беру міндеті маңызды болып табылады, әрі ол барлық мектептерде және түрлі курстарда STEM білім беру жүйесінде қосымша және сабақтан тыс білім береді. Қарапайым жалпы білім беретін мектептерде тек STEAM технологиясының элементтері қолданылады. STEM - білім беру жүйесінде оқытатын мамандарды жұмысқа алу үлкен қызығушылық тудырып отыр. Сондықтан, STEM оқытуға дайындалған мұғалімдерге қажеттілік артып келеді. Білім беру модельдерін әзірлеу келесі компоненттерді қамтиды, олардың сипаттамасы төменде келтірілген. Модельдерді сипаттау форматы. Бұл компонент модельдеу процесінің өзін де, әр түрлі пайдаланушылардың (оқытушылар, тьюторлар, әдістемелік қамтамасыз етуді жасаушылар) құрастырған модельдерін де біржақты түсіндіру қажеттілігіне байланысты.

Зерттеу әдістері тақырыпқа сай теориялық дереккөздерді талдаумен, материалдарды жүйелеумен, синтез және жалпылау негізге алынды. STEM білім беруді жүзеге асыруға студенттерді даярлаудың мәні мен мазмұны, құраушылары туралы алыс және жақын шетелдік тәжірибелердің нәтижелері, диссертациялық зерттеулер, автордың ғылыми мақалалары пайдаланылды. Теориялық талдау нәтижесінде болашақ информатика мұғалімдерін STEM білім беруді жүзеге асыруға даярлаудың құрылымы мен функциясы, мақсаты, әдіснамасық ұстанымдары, мазмұны, компоненттері мен критерилері, деңгейлері, процесуальдық және рефлексивтік мәні зерделенді. Зерттелген ақпараттар негізінде болашақ информатика мұғалімдерін STEM білім беруді жүзеге асыруға даярлаудың құрылымдық-функционалдық моделі құрастырылды. STEM саласындағы білім сыни ойлауды дамытады, ғылыми дайындықты арттырады және жаңашылдар мен өнертапқыштардың пайда болуына себеп болады. Бұл өнертапқыштардың, жаңашылдардың және көшбасшылардың болашақ ұрпағын ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізуге, модельдеуге, жобалауға, математикалық, аналитикалық ойлауға шабыттандырады (Абдыкеримова, т.б., 2022).

Соңғы бірнеше онжылдықта STEM біліміне деген қызығушылық артты, бұл студенттерді STEM мансаптарына қалай дайындауға болатыны туралы ауқымды зерттеулер жүргізуге әсер етті. Мысалы, Дж. Майрон Аткин мен

Дж. Майкл Сэнгердің «STEM-ді тиімді оқытудың құрылымдық моделі: тұжырымдамалық негіз» атты зерттеуінде STEM-ді тиімді оқытудың құрылымдық моделін әзірлеудің тұжырымдамалық негізін ұсынды (Эткин, т.б., 2018). Авторлар мұндай модель оқу жоспарын, нұсқаулықты, бағалауды, мұғалімнің кәсіби дамуын және ресурстарды қоса алғанда, бірнеше негізгі факторларды қамтуы керек деп санайды. Сонымен қатар пәнаралық ұстанымдар мен студентке бағытталған оқытудың маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл жұмыстың үлесі STEM тиімді оқытудың құрылымдық моделін әзірлеу үшін нақты тұжырымдамалық негіздерін қарастырады.

Машиналық оқыту әдістерін пайдалана отырып, STEM білім берудегі студенттердің академиялық үлгерімін болжауға арналған құрылымды әзірлеу. Аннет Хилтонның «STEM білім беру: ғылым, технология, инженерия және математика пәндерінің үлесіне шолу» атты еңбегінде, ғылым, технология, инженерлік және математика ғылымдарының STEM біліміне қосқан үлесіне жан-жақты шолу жасайды. Автор STEM білім беру бұл пәндерді біртұтас және пәнаралық тұтастыққа біріктіруі керек деп тұжырымдайды (Хилтон, 2010). Дзулкифли Абдул Разак пен Сити Фатима Мохд Ясиннің «STEM білім беру бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеудің құрылымдық моделі» еңбегінде, STEM білім берудің оқу бағдарламасын әзірлеудің құрылымдық үлгісін ұсынады. Модель үш құрамдас бөліктен тұрады: оқу жоспарын құрастыру, оқу бағдарламасын жүзеге асыру және оқу бағдарламасын бағалау. STEM білім беру үшін жүйелі түрде бағаланатын және жаңартылатын нақты жобаланған және жақсы енгізілген оқу жоспары қажет деп санайды (Разак, т.б., 2016).

Шерил В. Ли және Тодд Д. Ривздің «STEM білім беру және оның студенттердің қатысуы мен оқу нәтижелеріне әсері» атты еңбегінде (Ли, т.б., 2017), STEM білім берудің студенттердің белсенділігі мен оқу нәтижелеріне әсерін зерттейді. Авторлар STEM білім беру студенттердің белсенділігін арттырып, сыни ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытады және STEM пәндеріндегі оқу нәтижелерін жақсартады деп санайды. «STEM білім беру бағдарламасының студенттердің жетістіктері мен STEM-ге деген көзқарасына әсері» туралы Озгур Йылмаз мен Некла Цшампелдің зерттеулерінде, STEM білім беру бағдарламасының оқушылардың жетістіктеріне және STEM пәндеріне деген көзқарасына оң әсер етуі мүмкін деп санайды және STEM білім беру бағдарламаларының тиімділігінің эмпирикалық дәлелдерін ұсынады (Йылмаз, т.б., 2014).

STEM технологиясын оқытудың әдіс-тәсілдері бойынша Информатика үшін STEM технологиясына оқыту әдістері мен тәсілдері бойынша жүргізілген зерттеулер оқытудың әртүрлі тәсілдерінің тиімділігі туралы құнды түсініктер берілген (Қаратаева, т.б., 2023). Вэн-Чи Вивиан Ву, Пол Гинс және Юн-Джу Хуанның «Орта мектептегі STEM біліміне әсер ететін факторлардың құрылымдық тәндеуін модельдеу» мәселесін қарастырады (Ву, т.б., 2018). STEM біліміне әсер ететін факторларды зерттеп, кәсіби педагогика, оқушылардың мотивациясы және мектеп ресурстары сияқты бірнеше негізгі факторларды

анықтап, жобаланған және сәтті енгізілген STEM білім беру бағдарламасы тиімді болуы үшін осы факторларды шешуі керек деп санайды.

Дарлинг-Хэммонд, Л., Флок, Л., Кук-Харви, С., Баррон, Б. және Ошер, Д. (2019). Оқыту және дамыту ғылымының білім беру тәжірибесіне әсері. Қолданбалы даму ғылымы, 24(2), 97-140. Бұл мақалада оқыту және дамыту ғылымы және оның білім беру тәжірибесіне, соның ішінде STEM біліміне салдары талқыланады. Авторлар оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық және когнитивті дамуын қолдайтын оқу ортасын құрудың маңыздылығын атап көрсетеді (Darling-Hammond, et al, 2019). Линн, М.С., Палмер, Э., Баранжер, А., Джерард, Э., Стоун, Э. (2015) Бакалавриат ғылыми білім беру: студенттердің ғылыми тұлғасының дамуына колледждегі әртүрлі орталардың әсері. Ғылымды оқытудағы зерттеулер журналы, 52(6), 847-867. Линн және оның әріптестері студенттердің ғылыми тұлғасының дамуына колледждегі әртүрлі орталардың әсерін зерттейді. Олар STEM-бағытталған орталардағы студенттердің STEM емес ортадағыларға қарағанда ғылыми сәйкестіктері күштірек екенін анықтады (Linn, et al, 2015). Вубе 2020 жылы STEM білім беру көзқарасын ұсынады және STEM пәндерін оқытуда пәнаралық тәсілдер қажеттілігін көрсетеді. Ол STEM білім беруге инженерлік дизайн мен технологияны енгізудің маңыздылығын талқылайды (Байби, 2020).

Нәтижелері. Зерттеудің әдіснамалық базасы интегративті, трансдисциплинарлық, технологиялық, жүйелік, субъективті-тұлғалық және қоршаған орта ұстанымдарының синтезіне негізделген. Таңдау цифрлық білім беру ортасындағы оқыту процесінің ерекшеліктеріне байланысты, онда студенттердің дербес оқу-танымдық іс-әрекетіне ерекше назар аударылады, білім алушылардың белсенділігін, *субъективті ұстанымын* көрсету, өзін-өзі дамыту және қоршаған орта элементтерімен өзара әрекеттесу арқылы өзін-өзі жүзеге асыру арқылы жеке әлеуетін ашу үшін негіз болады.

Бүгінгі таңда білімнің барлық салалары жоғары деңгейге қол жеткізіп отыр, ақпарат бір салада оқшауланбай барлық салаларға еніп отыр, ал интеграция енді көпсалалы деңгейге емес, пәнаралық және трансдисциплинарлық деңгейге жетті.

Интегративті ұстаным бүгінгі күні білім беру процесін жетілдірудің барлық кезеңдерінде өзекті болып қала береді. Соңғы онжылдықтарда бұл мәселені зерттеумен О.Б. Акимова, О.А. Алмабекова, Г.Г. Амирова, О.В. Борщева, Т.М. Гулая, И.В. Журавлева, Е.В. Земцова, И.А. Зимняя, З.Ш. Кәрімов, Г.М. Кулешова, С.А. Романова, В.Ф. Тенищева, Н.К. Чапаев, И.П. Яковлев және т. б. айналысты. Интегративті ұстаным әсіресе мынадай міндеттерді шешуге үлкен үлес қосады: білім алушының зияткерлік әлеуетін ашады; оның жеке функцияларын дамытуға ықпал етеді; әмбебап, жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастырады; өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру үшін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасайды.

Жоғары деңгейдегі әдіснамада – *трансдисциплинарлық* зерттеу ғылыми дүниетанымды кеңейту ұстанымы ретінде-қандай да бір құбылыс нақты

ғылыми пән шеңберінен тыс қарастырылады; бұл ретте «шығу» макромирге бағытталған. Табиғи физикалық және (немесе) логикалық шекаралары бар осы әлемнің, ортаның әрбір фрагменті, олардың барлық салалары бастапқыда «реттелген орта» ретінде қарастырылады, оны зерттеуге бірдей принциптер, тәсілдер мен модельдер қолданылуы мүмкін. «Трансдисциплинарлық» ұғымы және оның пәндер арасындағы қатаң Шекарасыз жаһандық жүйеде пәнаралық қатынастарды орналастыру ретіндегі алғашқы анықтамасын Дж.Пиаже 1970 жылы ұсынған (Жан, 2001).

Қазір трансдисциплинарлық ұстаным білімнің әртүрлі салаларында қолданылатын ғылыми әдістер жүйесінде «тіркеуге» ие болды. Қазіргі ғылымда трансдисциплинарлықтың төрт түрі бар.

Бірінші трансдисциплинарлық: жеке пәндерді түсінудің формальды өзара байланысының күш-жігеріне негізделген, логикалық мета-шеңберлердің қалыптасуын қамтамасыз етеді, олар арқылы білімді абстракцияның жоғары деңгейінде интеграциялауға болады, бұл пәнаралық жағдайда орын алады, әр түрлі пәндердің жұмысында жиі қолданылатын сараптамалық жүйелер мен сараптамалық топтар;

Екінші трансдисциплинарлық: зерттеушінің жеке тәжірибесімен, соның ішінде медитациямен тығыз ішкі байланысы бар;

Үшінші трансдисциплинарлық: негізгі танымдық мәні бар жалпы метафораларды қолданумен байланысты, бір орталықтылық пен шындықтың нақтылығы бірінші орынға қойылады;

Төртінші трансдисциплинарлық: оның әдіснамасы – біртұтас реттелген ортаның бөлігі ретінде объектіні түсіну, тану және сипаттау тәсілі; объектінің күйін басқару тәсілі (үйлестіру) және оның тіршілік ету ортасы екі бағытта жүзеге асырылады – қоршаған әлем туралы жаңа білім алу, табиғат пен қоғамның күрделі көп факторлы мәселелерінің шешімін табу. Негізгі қағида-шындықтың нақтылығы – біртұтас тәртіпті анықтайды, трансдисциплинарлық жүйе осы тәртіптің кеңістіктік, ақпараттық және уақыттық бірліктерімен ұсынылған (Манохина, 2013).

Трансдисциплинарлық ұстаным ғылыми білімді байытып қана қоймай, сонымен қатар макро объектілер мен макро процестерді басқару технологияларын, оның ішінде табиғат пен қоғам объектілерінің жалпы жағдайын, адамның және күрделі техникалық объектінің жалпы жағдайын, ақпаратты алу мен өндеудің әдістері мен техникалық құралдарын, ең алдымен жаңа буын компьютерлерін және т. б. жасауға мүмкіндік береді. XX ғасырдың басында «технология» термині құралдар мен машиналардан басқа құралдар, процестер мен идеялар жиынтығын қамтыды. XX ғасырдың ортасына қарай бұл ұғым «адамның тіршілік ету ортасын өзгертетін және оны басқаратын құралдар немесе әрекеттер» сияқты тіркестермен анықталды. *Технология* грек тілінен аударғанда «өнер, шебер, шеберлік» қажетті нәтижеге жету үшін әдістер мен құралдардың жиынтығы; ал, кең мағынада ғылыми білімді тәжірибеде қолдануда жұмыс тәсілдерін, оның режимін, әрекеттер тізбегін қамтиды.

Технология – бұл салыстырмалы түрде жаңа және көп қырлы термин, оның нақты анықтамасы осы ұғымның үнемі дамуына байланысты өзгеріп отырады. Ол өзімен бірге мәдениет, қоғам, саясат, дін және табиғат сияқты басқа да кең ұғымдармен өзара байланыста болады.

Оқытудың технологиялық ұстанымын бүгінде орыс педагогикасы белсенді түрде дамытуда: В.П. Беспалько, М.Е. Бершадский, В.И. Боголюбов, В.В. Гузеев. Т.А. Илина, М.В. Кларина, А.И. Космодемьянская, М.М. Левина, З.А. Малькова, Н.Д. Никандрова, Ю.О. Овакимян, В.Я. Пилиповский, А.Я. Савельева, А.И. Уман және басқа ғалымдар, сондай-ақ шетелдік авторлар (Л. Андерсон, Дж. Блок, Б. Блум, Т. Гилберт, Н. Гронлунд, Р. Майор, А. Ромишовский және т.б.).

Технологиялық ұстаным білім беру, педагогикалық, әлеуметтік шындықтың әртүрлі бағыттары мен аспектілерін концептуалды және жобалық өңдеудің жаңа бағыттарын ашуға мүмкіндік береді. Жапон педагогы Т. Сакамотоның пікірінше, технологиялық ұстаным – бұл жүйелі ойлау тәсілін педагогикаға енгізу (Сабанчин, 2017).

Жүйелік ұстаным – педагогикалық процестің біртұтас жүйесі ретіндегі білім мен тәрбиенің мәні мен заңдылықтарын зерттейтін, дүниетанымдық көзқарас пен ғылым негіздерінің концепциялар жүйесін қалыптастыруға бағытталған өзара байланысты шаралар кешені ретіндегі инновациялық бағыт. Ана тілінде және бір немесе бірнеше шет тілдерінде ойлау жеке тұлғаның шығармашылық дамуының тетіктері (Трушникова, 2006).

Оқытудағы *жүйелік іс-әрекеттік* – бұл білім аушылардың дербес және жан-жақты танымдық әрекеті басты орын алатын оқу үдерісін құру болып табылады. Студенттің жеке басының қалыптасуы және дамуындағы ілгерілеу оның енжар қабылдауға емес, жаңа білім ашуға бағытталған өзіндік іс-әрекеті процесінде жүзеге асады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде Информатика кафедрасының Оқу жоспарында 6В06111 –Компьютерлік ғылымдар және программалық инженерия (Бакалавр, күндізгі) Білім беру бағдарламасы мазмұнында Минор курсы енгізілген. 7М01530 – Информатика 2 жылдық педагогикалық (2021-2023) магистратура мен Физика және информатика интеграциялық білім беру бағдарламасы бойынша магистранттар даярлануда.

«STEM білім берудің әдістемесі мен технологиялары» таңдау бағытындағы пәндер енгізілді. «Информатика» кафедрасы ғалымдары Эразмус+ бағдарламасы бойынша «STEM мұғалімдерін даярлаудағы интеграцияланған ұстаным» жобасы аясында зерттеулер жүргізілді және ғылыми семинарлар мен дөңгелек столдар өткізді.

Талқылау. Жүргізілген зерттеуде біз В.В. Краевскийдің (Краевский, 2001) көзқарасымен бөлісеміз, оның тұжырымдамасы бойынша модель зерттеу пәнінің белгілі бір жақтарын, байланыстары мен функцияларын қайталайтын элементтер жүйесі деп түсінеді. Қолданыстағы модель түрлеріне талдау жүргізуде Т.К. Щербакова (Щербакова, 2005) жоғары оқу орындарында

педагогикалық бағыт бойынша оқыту процесін оңтайландыру мақсатында модель қарастырылады деген қорытындыға келді.

Анықталған модельдің негізі ретінде Н.А. Казачектің жұмысы алынды (Казачек, 2011). Бұл модель келесі құрылымдық компоненттерден тұрады: оқу процесін көрсететін мақсатты, әдіснамалық, мазмұндық, процессуальды, нәтиже. Олардың әрқайсысының мазмұнын қарастырамыз.

Жоғарыда аталған қағидаттарға негізделген мақсатты блок «STEM білім беру» пәнінің мақсаттарынан, міндеттерінен және іс-әрекеттерінен айқын көрініс табады.

Мақсатты компоненттің қызметі: болашақ информатика мұғалімдерін STEM білім беруге даярлығын қалыптастыру үдерісін анықтауға байланысты мақсат қою, студенттерді STEM білім беруге даярлығын қалыптастырудың нәтижелі болуының ғылыми-теориялық алғышарттарын өзектілендіру.

Мақсатты компоненттің міндеті күтілетін нәтижеге жетуде мақсат қою мен мәселені ой електен өткізу. Тұрақты мақсатқа ұмтылуға студенттердің бойында STEM білім беруге даярлығын қалыптасуының нәтижелі болуы үшін өздерінің алдына қойған өмірлік маңызы бар, кәсіптік мақсаттарды анықтап алуы арқылы жүзеге асады.

